

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне берген мемлекеттік несиелері бойынша Грузия Үкіметінің қарызын қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 63-І

1996 жылғы 1 шілдеде Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне берген мемлекеттік несиелері бойынша Грузия Үкіметінің қарызын қайта құрылымдар туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне
берген мемлекеттік кредиттері бойынша Грузия Үкіметінің қарызын
қайта құрылымдау туралы

Келісім

Бұдан әрі Қазақстан Тарабы деп аталатын және бұдан әрі Грузия Тарабы деп аталатын және бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі,

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде интеграциялық процестерді дамытудың, үйлестірудің және одан әрі тереңдетудің қажеттілігін ескере отырып;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі, Халықаралық Валюта қоры, Дүниежүзілік Банк және тұтастай дүниежүзілік қоғамдастық қолдаған Грузия халқының экономикалық реформалар бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі күш-жігерін қолдай отырып;

- үкіметаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Грузия Үкіметіне берген мемлекеттік кредиттер бойынша оның қарыз проблемаларын тездетіп реттеу қажеттілігін мойындай отырып;

мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-БАП

Тараптар төмендегі үкіметаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Тарабы Грузия Тарабына берген мемлекеттік кредиттер бойынша оның қарызын қайта құрылымдауды жүзеге асыруға келіседі:

"1992 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Республикасы Үкіметі арасындағы техникалық кредиттер жөніндегі қарызды Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кредитіне қайта рәсімдеу туралы" 1993 жылғы 1 маусымдағы келісім (бұдан әрі Бірінші келісім деп аталады),

"Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Республикасы Үкіметі арасындағы 1993 жылдың қаңтар-қазан айларындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қорытындылары бойынша қарызды қайта рәсімдеу туралы" 1994 жылғы 24 қарашадағы келісім (бұдан әрі Екінші келісім деп аталады).

2-БАП

2.1. Тараптар осы Келісімнің 1-Бабында көрсетілген екі келісім бойынша Грузия Тарабының борыштық міндеттемелерінен туындаған және 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көрсетілген келісім күшіне енген кезден бастап есептелген Грузия Тарабының 27,774 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі жалпы қарызын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Грузия Үкіметіне қайта құрылымдалған кредиті етіп қайта рәсімдеуге келісті.

2.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 27,774 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қайта құрылымдалған кредиті Грузия Үкіметіне 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 (он) жыл мерзімге берілген болып есептеледі, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңін құрайды, осы кезеңде Грузия Тарабы қарыздың проценттік борыш сомасын ғана қайтарады.

3-БАП

3.1. Грузия тарабы қайта құрылымдалған кредит бойынша негізгі борыш сомасын 2001 жылдың 1 қаңтарынан 2006 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңде қайтаруға міндеттенеді.

3.2. Негізгі-қарыз сомасын қайтаруда кезеңдік төлем үшін соманы есептеу 2001 жылдың 1 қаңтарынан 2006 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезеңдегі тоқсандар саны есебі және қайта құрылымдық кредит сомасына қарай тоқсандық үлестің теңдігі негізінде жүргізіледі.

3.3. Негізгі қарыз сомасын қайтару төлемдері қайта құрылымдалған кредит сомасының 20-дан бір бөлігі мөлшерінде тоқсандар бойынша бірдей үлесте жүргізіледі.

3.4. Негізгі қарыз сомасын қайтару төлемдері кезеңі тоқсанның соңғы айы болып анықталады. Қазақстан Тарабының өкілетті банкінің (банктерінің) шотына сома түскен күн төлем орындалған күн болып есептеледі.

3.4.1. Тараптар осы Келісімнің 3-бабының 3.4-тармағында көрсетілген кезең ішінде жүргізілмеген негізгі борыш сомасының төлемін осы тоқсанға арналған негізгі борышты өтеудің мерзімі өткен төлемі деп есептеуге уағдаласты.

3.4.2. Грузия Тарабы негізгі борыш сомасын өтеудің бірінші төлемін 2001 жылғы 01 шілдеге дейін жүргізеді.

3.5. Грузия Тарабы Қазақстан Тарабымен келісе отырып негізгі борыш сомасын мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.

4-БАП

4.1. Грузия Тарабы қайта құрылымдалған кредитті пайдаланғаны үшін проценттік борыш сомасын 01.01.1996 жылдан 01.01.2006 жылға дейін өтеуге міндеттенеді.

4.2. Есептелетін тоқсандағы нақты күн саны бойынша кредит сомасының нақты ауыстырылатын қалдығына проценттік борыш сомасын есептеу үшін жылдың 360 күніне шаққанда кесімді жылдық 4 % (төрт процент) ставка бойынша проценттер есептеледі.

4.3. Проценттік борыш сомасын өтеу төлемдерді тоқсан бойынша жүргізіледі.

4.4. Проценттік борыш сомасын өтеу төлемдерінің кезеңі тоқсанның соңғы айы болып айқындалады. Қазақстан Тарабы өкілеттік берген банктің шотына сома түскен күн төлемнің орындалған күні болып есептеледі.

4.4.1. Тараптар осы Келісімнің 4-бабының 4.4.-тармағында көрсетілген кезеңде

жүргізілмеген проценттік борыш сомасының төлемін осы тоқсанға арналған проценттік борышты өтеудің мерзімі өткен төлемі деп есептеуге уағдаласты.

4.4.2. Грузия Тарабы проценттік борыш сомасын өтеудің бірінші төлемін 1996 жылғы 31 шілдеге дейін жүргізеді.

5-БАП

5.1. Грузия Тарабы негізінде негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі қарыз және/немесе проценттік борыш сомасын өтеу жөніндегі қарыз жатқан айыппұл борышының сомасын ол толық өтеліп болғанша өтеуге міндеттенеді.

5.2. Қарыз сомасының (негізгі борыш сомасын өтеу жөніндегі және/немесе проценттік борыш сомасын өтеу жөніндегі) ауыспалы нақты қалдығына есептелетін айыппұл борышының сомасын есептеп шығару үшін жыл ішіндегі 360 күнге шаққанда жылдық кесімді 5% (бес процент) ставка бойынша қарыздың әр күнінен айып проценттері есептеледі.

5.3. Айыппұл борышы сомасының өтеміне төленетін төлемдер тоқсан сайын төленіп отырады.

6-БАП

Грузия тарабы осы Келісімнің 3-Бабының 3.1-тармағында, 4-Бабының

4.1-тармағында және 5-бабының 5.1-тармағында өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда ол негізгі және проценттік борыштар бойынша қарыздың өтеміне төленетін төлемдерді, сондай-ақ айыппұл борышының өтеміне төленетін төлемдерді олар толық өтеліп болғанша өтеуге міндеттенеді.

7-БАП

Негізгі борышты, проценттік және айыппұл борыштарын Грузия Тарабы АҚШ долларымен өтейді.

8-БАП

8.1. Осы Келісім бойынша қандай да бір төлем Қазақстан Республикасында немесе Грузияда банктің күні болып табылмайтын күнге тап келген жағдайда мұндай төлем банктің келесі жұмыс күнінде төленеді.

8.2. Тараптардың өкілетті банктері:

- бір ай мерзімде есеп айырысуды жүзеге асырудың және шоттарды жүргізудің осы Келісім шарттарынан туындайтын техникалық тәртібін келісіп алуға,
- өздері келіскен есеп айырысуды жүзеге асырудың және шоттардың жүргізудің осы Келісім шарттарынан туындайтын техникалық тәртібін олардың арасындағы банкаралық келісім түрінде хаттап, Тараптардың Қаржы министрліктеріне ресми түрде ұсынуға,

- бір-біріне қарамастан есепті тоқсан аяқталған күннен бастап 10 (он) күн ішінде есепті тоқсан аяқталған күнгі Тараптардың шоттарының жай-күйі туралы Тараптардың Қаржы министрліктерінің екеуіне де ресми түрде анықтама беріп отыруға міндетті.

9-БАП

Грузия тарабы осы Келісім бойынша өз міндеттемелерінен туындайтын борыштардың және/немесе қарыздардың өтеміне оның қайта құрылымдалған сыртқы борышына қызмет көрсету үшін халықаралық қаржы ұйымдары өзіне берген халықаралық қаржы көмегінің бір бөлігін осы ұйымдармен келісілген шарттарда жұмсауға міндеттенеді.

10-БАП

Осы Келісім бойынша Тараптардың міндеттемелері сөзсіз болып табылады және ол бойынша төленетін барлық төлемдер қандай да болсын өндіріп алуларсыз, ұстап қалуларсыз және кез-келген түрдегі өзара есептемелерсіз жүзеге асырылады, сондай-ақ

Тараптардың аумақтарында қолданылып жүрген барлық салықтардан, комиссиялық төлемдер мен алымдардан азат және таза болады.

11-БАП

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті өздерінің ішкі мемлекеттік рәсімдерін орындағаны туралы бір-біріне ең соңғы хабарлама берілген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап өзінің қолданылу күшін тоқтатады.

12-БАП

Осы Келісім күшіне енуіне байланысты осы Келісімнің I-Бабында көрсетілген барлық үкіметаралық келісімдер, сондай-ақ осы келісімдер бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері күшін жояды және олар Тараптардың бір-біріне қаржы немесе өзге де талаптар қоюы үшін

негіз бола алмайды.

Қазақстан Республикасында, Алматы қаласында 1996 жылғы 01 шілдеде әрқайсысы қазақ, орыс және грузин тілдерінде түпнұсқалық 2 (екі) дана етіп жасалды, бұл ретте олардың әрқайсысының заң жүзіндегі күші бірдей.

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түрліше пайымдаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан

Грузияның
Үкіметі атынан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК